

«Тексерілді»  
«Балбөбек» жекеменшік  
шағын орталығының  
әдіскері Сағпа Г.К.Сағпазова

Қимылды ойын:  
«Түлкі мен қаздар»

Өткізген: №2 ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі М.Тажигалиева

2022/2023 оқу жылы

## Қимылды ойын: «Түлкі мен қаздар»

**Мақсаты:** Түлкі мен қаздың қимылын жасауға, жылдамдыққа баулу.

**Ойын ережесі:** Балалар залдың бір шетінде тұрады.

Олар қаз болып ойнайды. Бір бала түлкі болады. Ол залдың екінші шетінде тұрады. «Түлкінің» қимылын жасап, өлең жолдарын «Түлкі» бастайды. Қаздың қимылын жасап, «Қаздар» оған жауап береді.

Өлең жолдары біткенде «Қаздар» қашады, «Түлкі» қуады.

Ұсталған бала «Түлкі» болады.

**Өлең жолдары:**

**Түлкі:** Қаңқ-қаңқ қалың қаз,  
Қашсаң пана табылмас.

**Қаздар:** Қулықты қой, қу түлкі,  
Аузыңды жап әрі қаш!

**Түлкі:** Мамыр, мамыр, мамыр қаз,  
Мамырламай бері бас.

**Қаздар:** Қой, қой, түлкі, сұм түлкі,  
Балапандар әлі жас.

**Түлкі:** Тыңдамаймын сөзіңді,  
Ұстап жеймін қане, қаш.

Осылайша ойын 2-3 рет ойналады.